# Нұрсұлтан Назарбаев өмірбаянына жаңаша көзқарас

**«Дәуірге айналған есім. Нұрсұлтан Назарбаев: өмірбаянды жаңадан оқу» – кеше Мәскеуде тұсауы кесілген ресейлік жазушы Николай Зеньковичтің кітабы осылай аталады.**


*Әлисұлтан ҚҰЛАНБАЙ,*
*«Егемен Қазақстан»*


### ЖАУАПКЕРШІЛІГІ МОЛ САЯСАТКЕР

Кітаптың Қазақстанда кең көлемде атап өтілетін тамаша мереке – Тұңғыш Президент күні қарсаңында басылып, тұсауы кесілуінің айтарлықтай нышандық мәні бар. Тұсаукесерде ТАСС бас директорының бірінші орынбасары Михаил Гусман атап көрсеткендей, «бұл жолғы кездесудің осы оқиғамен тікелей байланысты екені жасырын емес».

Шараға Нұрсұлтан Назарбаевты жақсы білетін және басылымға объективті баға бере алатын адамдар қатысты. Солардың бірі – М.Ломоносов атындағы Мәскеу мемлекеттік университетінің ректоры Виктор Садовничий. Оның сөзіне қарағанда, «бұл – ұлы саяси қайраткер, Ұлт Көшбасшысы туралы кітап».




– Өте қызықты кітап. Мұнда біз бір кездері естуіміз әбден мүмкін, бірақ 25 жыл ішінде көпшілігі естен шыққан қызықты фактілер, даталар, ой-пайымдар жинақталған.

Виктор Садовничий түсіндіргеніндей, басылымда дәуір рухы өте жанды көрініс тапқан. Оқырмандар сол бір күрделі жылдарды құдды бір басынан қайтадан өткергендей болады.

– Көптеген беттерін толқымай оқи алмайсың, – деп атап өтті ол.

Кездесуге қатысушылар кітапта Мемлекет басшысының өмірбаянынан бөлек, Президент қатысушысы болып табылған әлемдік оқиғалар да көрініс тапқанын айтып жатты. Онда Нұрсұлтан Назарбаевтың 1991 жылы ГКЧП-ны неге қолдамағаны, еліміздің «түрлі-түсті революцияларды» қалай айналып өте алғаны және күні кешегі оқиғалар туралы айтатын болсақ, Отанымыздың Путин мен Ердоғанды бітістірудегі рөлі қаншалықты болды деген сияқты көптеген сұрақтарға жауап табуға болады.

Кітап Нұрсұлтан Назарбаевтың өз өмірінің барлық кезеңдерінде қалай дамығаны мен эволюцияланғанын кезең-кезеңімен ашып көрсетеді. Бірақ, Президенттің алғашқы күннен бастап-ақ өзін жауапкершілігі мол саясаткер ретінде көрсеткенін және тек Қазақстанда ғана емес, сондай-ақ, бүкіл посткеңестік кеңістікте үлкен танымалдыққа ие болғанын ерекше атап өткен жөн.

**(Соңы 2-бетте)**